



МАЗМҰНЫ

2023 ЖЫЛ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ТҮРҒЫСЫНДА	2
ЕСЕП ТУРАЛЫ	3
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	4
БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ ҮНДЕУІ	6
КАСЕ ТОБЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУҒА КӨЗҚАРАСЫ	8
ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	16
ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ	26
АДАМ КАПИТАЛЫ	40



2023 ЖЫЛ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ТҰРҒЫСЫНДА

01

2023 ЖЫЛДЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

01 KASE-де айналысқа түсетін жасыл және әлеуметтік облигациялардың 8 жаңа шығарылымы

03 Алғаш рет шағын және орта бизнес кәсіпорындары орнықты облигациялар нарығына шықты

05 Орта буынның басқарушылық позициясындағы әйелдер пайызы – 51 %

02 Жасыл және әлеуметтік облигациялардың жалпы көлемі – 211 млрд. теңгеден астам

04 ДАМУ субсидиялаған ШОБ субъектісінің облигациялары алғаш рет орналастырылды

06 Басқарма құрамына кіретін әйелдердің пайызы – 40 %, Директорлар Кеңесінің құрамында – 30 %

ЕСЕП ТУРАЛЫ

02

“

Осы есеп Орнықты даму туралы кезекті есеп (бұдан әрі – Есеп) болып табылады. Есеп KASE Тобының жылдық есебінің бір бөлігі болып табылады және 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған күнтізбелік жылы KASE Тобының орнықты даму практикалары туралы ақпаратты қамтиды.

”

2023 жыл үшін жылдық есеп KASE Тобының стратегиялық мақсаттары және оларды іске асыру нәтижелері, корпоративтік басқару жүйесі, KASE нарығының нәтижелері, сондай-ақ KASE Тобының 2023 жылғы қаржылық көрсеткіштері туралы ақпаратты қамтиды.

Осы Есеп орнықты даму саласындағы KASE Тобының негізгі нәтижелері туралы ақпаратты, орнықты даму факторларын басқару тәсілдерінің сипатын, сондай-ақ орнықты даму саласындағы жекелеген сандық деректерді қамтиды. Есептің мазмұны Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басшылығының банктер мен басқа қаржы ұйымдары үшін экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (Environmental, Social and Corporate Governance, ESG) саласындағы ақпаратты ашу жөніндегі ұсынымдарын ескереді.

Есептің шекаралары KASE Тобының мынадай ұйымдарын қамтиды: “Қазақстан қор биржасы” АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) және “KASE клиринг орталығы” АҚ (бұдан әрі – KASS).

KASE Тобының орнықты дамуы туралы есеп Биржа Басқармасының шешімімен бекітіледі және Биржаның корпоративтік интернет-ресурсында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жариялау жолымен мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

03

“

Биржа ESG-стандарттар мен жауапты қаржыландыру қағидаттары туралы хабардар болуды арттыру үшін тұрақты түрде іс-шаралар ұйымдастырады.

”



Құрметті акционерлер, клиенттер және серіктестер!

2023 жылы Қазақстан қор биржасы жүйелі маңызды инфрақұрылымдық қаржы ұйымының мәртебесін тағы да растады. KASE өз қызметінде орнықты дамудың және елдің қор нарығындағы ESG-қағидаттардың негізгі жолсерігі бола отырып, экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару критерийлерін ілгерілетеді.

Өздеріңіз білетіндей, KASE инвестициялау, қаржы құралдарын әртарапандыру, қаржылық сауаттылықты ілгерілету және эмитенттер мен инвесторлар арасында кеңейту мәселелерімен белсенді айналысады. Бұл ретте Биржа 2022-2024 жылдарға арналған даму стратегиясын жүзеге асыруды жалғастыруда. Биржалық нарықтардағы өтімділікті және стейкхолдерлер үшін құндылықтарды арттыру үшін Қазақстан қор биржасы жаңа ESG-құралдар жасап, шағын және орта бизнесті "жасыл" қаржыландыруды іске асырады.

Биржа ESG-стандарттар мен жауапты қаржыландыру қағидаттары туралы хабардар болуды арттыру үшін тұрақты түрде іс-шаралар ұйымдастырады. KASE тұрақты негізде қазақстандықтар, атап айтқанда жастар арасында ESG саласындағы жауапты инвестициялауды түсіну және білім деңгейін арттыру үшін вебинарлар өткізеді.

Жыл сайын Биржа Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығының ашылу рәсімін ұйымдастырады. Бұл уақиға әлемдік қоғамдастықтың назарын орнықты даму саясаты мен ESG-қағидаттар контекстінде гендерлік инклюзивтілікті дамыту перспективаларына және гендерлік теңдікті қолдауға аударуға арналған.

2023 жылы KASE Алматыда Қазақстан қаржыгерлерінің XI конгресі аясында "Қаржы нарықтарын трансформациялаудағы биржалардың рөлі" атты Халықаралық биржалық форум өткізді. Іс-шарада халықаралық және қазақстандық сарапшылар жаһандық ESG-күн тәртібін іске асырудағы қаржы нарығының сыни рөлі тақырыбын қозғады.

Биржа сондай-ақ өзінің эмитенттері мен мүшелеріне ESG-облигациялар шығару саласында кеңес берумен қолдау көрсетеді. KASE ESG-облигациялар верификаторларымен ынтымақтастыққа ерекше назар аударады, бұл "жасыл" облигациялардың белгіленген стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етудің негізгі аспектісі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда Биржа верификациялау компанияларымен ынтымақтастықтың тиімді шарттарына қол жеткізді, бұл ESG-облигацияларды одан әрі дамытуға және дәріптеуге септігін тигізеді.

KASE өзінің халықаралық желіге қосылуының арқасында ESG-факторларды интеграциялау үдерістеріне сәтті кіріктірілген және орнықты дамудың қолданыстағы ұсынымдары мен үздік тәжірибелеріне сәйкес болуға ұмтылады. Қазақстандық нарықты трансформациялау процестерін қолдау үшін Биржа нарыққа қатысушылар үшін ең жақсы жағдайларды ұсынуға ұмтылады. KASE ESG-өнімдерді ілгерілету үшін тиімді алаң құру жөніндегі мақсаттарды іске асырады.

Жыл сайын орнықтылық мәселелері өзектілікке ие болып келеді. Қоршаған ортаны қорғауға, климаттың өзгеруіне, өткір әлеуметтік мәселелер мен корпоративтік басқару сапасына қатысты түрлі аспектілерді дамытудың күн тәртібіне тартылған ұйымдардың спектрі үздіксіз кеңеюде. 2023 жыл ESG-тақырыпқа шағын және орта бизнестің алғашқы өкілдерінің қосылуының куәсі болды.

Биржа қор нарығының барлық қатысушыларына олардың ESG-құндылықтарды қолдануға ұмтылуына толыққанды қолдау көрсетуге ұмтылады. KASE-нің 2023 жылдың барлық міндеттері бойынша қызметі осы есепте көрініс тапты. Директорлар кеңесі Биржаның ESG-бағытын дамытудағы күш-жігерін толық қолдайды. Мен KASE-нің барлық қызметкерлеріне, серіктестері мен стейкхолдерлеріне БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттарын кезең-кезеңімен енгізуге және Қазақстан қор биржасының алаңында өнімдер мен қызметтерді жетілдіруге қосқан үлесі үшін алғыс айтамын.

Алия Молдабекова
Директорлар кеңесінің төрағасы

БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ ҮНДЕУІ

04

“

2023 жыл Қазақстанның қаржы нарығының тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі Биржаның маңызды рөлін көрсетті. KASE, оның 100 %-дық еншілес ұйымы – “KASE клиринг орталығы” АҚ сияқты жүйелі маңызды инфрақұрылымдық қаржы ұйымы мәртебесіне ие болды.

”



Құрметті акционерлер, клиенттер және серіктестер!

Өткен жылы Қазақстан қор биржасы Даму стратегиясын іске асыру шеңберінде KASE құралдарының спектрін кеңейту және инвестициялық ортаның ашықтығын қамтамасыз ете отырып, орнықты даму саласындағы бірқатар міндеттерді жүзеге асырды.

2023 жыл Қазақстанның қаржы нарығының тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі Биржаның маңызды рөлін көрсетті. KASE, оның 100 %-дық еншілес ұйымы – “KASE клиринг орталығы” АҚ сияқты жүйелі маңызды инфрақұрылымдық қаржы ұйымы мәртебесіне ие болды.

Өткен жылдың қараша айында Қазақстан қаржыгерлерінің XI конгресі аясында KASE “Қаржы нарықтарын трансформациялаудағы биржалардың рөлі” атты халықаралық форум өткізді. Халықаралық және қазақстандық сарапшылар биржалық нарықтарды дамытудың өзекті тақырыптарын, цифрлық инфрақұрылымды, әлемдік және жергілікті нарықтарда мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастыруды, IPO-ның даму үрдістерін, бөлшек инвесторлардың диджитализациясы мен белсенділігінің өсуін, сондай-ақ ESG-қағидаттары мен “жасыл” өнімдерді ілгерілетуді талқылады.

БҰҰ орнықты даму мақсаттарын іске асыру шеңберінде Биржа ШОБ облигациялық шығарылымдарын ілгерілетуді жүзеге асырды. Нәтижесінде 2023 жылы KASE алаңында алғаш рет “Даму” кәсіпкерлікті дамыту қоры” АҚ 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында ШОБ субсидияланған облигацияларының сауда-саттығы және орналастыру өткізілді. Листинг процедурасынан купондық мөлшерлемені субсидиялайтын облигациялардың алғашқы үш шығарылымы өтті – “BRBAPK” ЖШС облигациялары, “KazWind Energy” ЖШС және “Black Biotechnology (Блэк Биотехнологджи)” ЖШС-нің “жасыл” облигациялары.

Тұтастай алғанда, өткен жыл KASE-де айналыстағы орнықты даму облигациялары санының өсуімен ерекшеленді. “Жасыл” және әлеуметтік шығарылымдардың жалпы көлемі 211 млрд теңгеден асты.

ESG-тақырып KASE даму стратегиясының басты бағыттарының бірі болып табылады: мәселен, PRI Academy “PRI-ге кіріспе: жауапты инвестициялау тәжірибесін дамыту және әлемдік инвестициялық сектордағы ESG саласындағы білім деңгейін арттыру” атты онлайн-вебинар өткізді. Қазақстанның қор нарығында тұрақты даму қағидаттарын одан әрі дамыту және енгізу үшін қадамдар жасалды – KASE және Green Investment Group (GIG) 2023 жылы Өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Біз өз саясатымызда сабақтастықты ұстанамыз және ҚНДРА енгізген Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару саласындағы ақпаратты ашу жөніндегі нұсқауды жариялауды қолдаймыз. KASE өз тарапынан осы саладағы өз талаптарын одан әрі жетілдіруді жоспарлап отыр.

2023 жылдың қорытындысын аяқтай отырып, мен қор нарығын дамытуға қызығушылық танытқаны, өнімді ынтымақтастық пен тұрақты кері байланыс жасағаны үшін стейкхолдерлерге алғысымды білдіргім келеді. Осының бәрі біздің клиенттеріміздің, серіктестеріміз бен акционерлеріміздің мүддесі үшін қаржы институтын одан әрі жетілдіруге ықпал етеді.

Алина Алдамберген
Биржа Басқармасының төрайымы

KASE ТОБЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУҒА КӨЗҚАРАСЫ

05

“

Жүйелік маңызы бар инфрақұрылымдық қаржы ұйымдарының тобы бола отырып, KASE Тобы өз қызметінің халықаралық қағидаттарға, орнықты даму нормалары мен стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етуге ұмтылады.

”



KASE ТОБЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУҒА КӨЗҚАРАСЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНЕ ЖӘРДЕМДЕСУ ЖӨНІНДЕГІ МИССИЯМЕН:

01

отандық эмитенттердің қаржыландыруды тартуы үшін құралдардың кең ауқымын қамтамасыз ету;

02

қаржы жүйесінде өтімділікті қайта бөлу үшін платформаны қамтамасыз ету;

03

жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін ашық инвестициялық орта ұсыну арқылы анықталады.

Орнықты даму саясатына сәйкес Биржа орнықты дамудың үздік тәжірибелерін, реттеуші органдардың талаптарын және мүдделі тараптардың пікірлерін жетілдіруді ескере отырып, орнықтылық аспектілерін басқару жүйесін үздіксіз дамытады.

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢАНДЫҚ КҮН ТӘРТІБІНЕ СӘЙКЕСТІГІ

2015 жылдан бастап Биржа БҰҰ-ның "Орнықты қор биржалары" бастамасының мүшесі болып табылады, БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына – кедейлікті жоюға, планетаны қорғауды қамтамасыз етуге, өмір сүру сапасын арттыруға және бүкіл әлемдегі адамдар үшін перспективаларды жақсартуға ықпал ететін әрекеттерді ынталандыруға бағытталған өзара байланысты 17 мақсатқа қол жеткізуге үлес қосады.



Өз қызметінің барлық аспектілерін және Биржа өз бизнесін жүргізетін сыртқы ортаны талдап, KASE Орнықты дамудың релевантты мақсаттарының (ОДМ) тізбесін анықтады, оған қол жеткізуге Биржа өз үлесін қосуға ұмтылады.



Биржа өз қызметкерлерін, нарық қатысушыларын және қоғамдастықты оқытуға және дамытуға, оның ішінде қызметкерлерде орнықты даму аспектілерін тиімді басқару үшін қажетті құзыреттерді қалыптастыра отырып, сондай-ақ халықтың қаржылық сауаттылығын ілгерілету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыра отырып, осылайша "ОДМ 4 – барлық қамтылған және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз етуді және өмір бойы барлығына оқыту мүмкіндігін көтермелеуді" іске асыруға ықпал ете отырып, көп күш салады.

"ОДМ 5 – гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту" мақсатын қолдауға бағытталған міндеттер KASE үшін әрқашан өзекті болды. Биржа эмитенттер, инвесторлар және нарықтың басқа да қатысушылары

арасында гендерлік күн тәртібін дамыту үшін күш-жігер жұмсай отырып, гендерлік мәселелерге бағытталған өнімдер мен сервистерді қолдау және ілгерілету жолымен Қазақстанда гендерлік күн тәртібін дамытуға үлес қосады; сондай-ақ өзінің жеке гендерлік саясатында көшбасшылыққа ұмтылады.

Биржаның міндеттерінің маңызды блогы "ОДМ 8 – үдемелі, жан-жақты және орнықты экономикалық өсімге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және барлығына лайықты жұмысқа жәрдемдесу" салымын жүзеге асыру болып табылады. Микро, шағын және орта кәсіпорындарды ресми тануды және дамытуды ынталандыра отырып, оның ішінде оларға қаржылық қызметтерге қол жеткізуді ұсыну арқылы Биржа ОДМ 8.3-ке үлес қосуға орасан зор мән береді.

Жүйелік маңызды инфрақұрылымдық қаржы ұйымы бола отырып, Биржа өз міндеті ретінде "ОДМ 9 – тұрақты инфрақұрылым құру, түгелдей қамтылған және орнықты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесуге" үлесін қосуды қояды. Біз нарықтар мен реттеудің тиімділігін жетілдіруді жеделдетуді өзіміздің маңызды міндетіміз деп білеміз, орнықты нарықтық экожүйені құру үшін мүдделі тараптармен белсенді өзара іс-қимыл жасаймыз.

KASE біздің қызметкерлеріміздің кәсіби дамуы мен жеке әл-ауқаты бағаланатын жұмыс ортасын құруға және қолдауға ұмтылады. Біз командалық қолдау үшін оқыту мен дамытудың кең ауқымды тәсілдерін қолданамыз. Біз қызметкерлеріміздің физикалық, психикалық және қаржылық әл-ауқатын қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, қызметкерлердің әл-ауқатын қалыптастыруға деген тәсілдемемізді жетілдіруге ұмтыламыз.

Биржа 2015 жылдың 12 желтоқсанында БҰҰ Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы тараптар конференциясының 21-ші сессиясында қол қойылған Климат жөніндегі Париж келісіміне қатысу шеңберінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бойынша Қазақстан Республикасының күш-жігеріне қолдау көрсетуге ұмтыла отырып, климаттық күн тәртібін дамытуға үлес қосуда.

Биржа орнықты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізуді қолдау үшін білімді, тәжірибені, технологияларды және қаржы ресурстарын жұмылдыру және тарату үшін көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен орнықты даму мүддесінде әріптестікті кеңейтуге ұмтылады.

Биржа мынадай кәсіби ұйымдардың қатысушысы болып табылады:

1. Дүниежүзілік биржалар федерациясы (WFE);
2. Еуро-Азия қор биржалары федерациясы (FEAS);
3. Қаржылық ақпаратты таратушылар мен тұтынушылардың халықаралық қауымдастығы (SIIA/FISD);
4. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері биржаларының халықаралық қауымдастығы (ТМД БХҚ);
5. Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы (ҚҚА);
6. Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы елдерінің биржалық форумы.

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕМЕСІ

Тұтастай алғанда, орнықты дамуды басқару Биржаны дамытудың жалпы стратегиясын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылады, оның ажырамас бөлігі болып табылады және Биржаның миссиясы мен стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған. Биржаның даму стратегиясы Биржаның орнықты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттерін назарға ала отырып, әзірленеді және өзектендіріледі.



Биржа орнықты даму аспектілерін стратегиялық жоспарлауға, корпоративтік басқаруға, тәуекел-менеджментке, персоналды басқаруға және Биржаның басқа да қызмет салаларына ықпалдастыруға ұмтылады.





Биржа мүдделі тараптардың қалың тобы үшін тұрақты және ұзақ мерзімді құндылық жасау мақсатында өз қызметін басқарады. Қаржы нарығының жүйелі инфрақұрылымдық элементі бола отырып, Биржа мүдделі тараптардың күтулері мен мүдделеріне және олармен тұрақты өзара іс-қимылды ұйымдастыруға ерекше мән береді.



МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Биржа тұрақты негізде Биржаның қызметі тікелей немесе жанама ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін стейкхолдерлерді анықтау мақсатында өз қызметіне, іскерлік өзара қарым-қатынастарға және сыртқы операциялық ортаға шолу және бағалау жүргізеді.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру кезінде Биржа мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтейді және ескереді;
- мүдделі тараптарды өз қызметі туралы белсенді хабардар етуге ұмтылады;
- өз қызметіндегі, сондай-ақ қаржылық есеп берушілік пен қаржылық емес ақпаратты ашудағы объективтілікті, дұрыстықты, тәуелсіздікті және ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;
- мүдделі тараптармен ашық және өнімді ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;
- мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерін орындайды;
- мүдделі тараптардан тұрақты негізде кері байланыс алады.



АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ ИНВЕТОРЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Биржа KASE қаржылық нәтижелері туралы, сондай-ақ корпоративтік басқару тәжірибесі туралы барабар ақпаратты уақтылы жариялауды көздейтін ақпаратты ашудың жоғары халықаралық стандарттарын және ашықтықты ұстанады. Биржаның ақпаратты ашуының негізгі қағидаттары, ақпаратты ашу және тарату тәртібі Ақпараттық саясатта бекітілген. Биржаның акционерлермен өзара қарым-қатынасы Жарғымен, Корпоративтік басқару кодексімен және Биржаның басқа да ішкі құжаттарымен реттеледі. Акционерлер алдындағы жауапкершілігімізді сезіне отырып, біз түйінді шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде олардың құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге ұмтыламыз. Бұдан басқа, біз барлық акционерлеріміз бен инвесторларымызға қаржылық қызмет нәтижелері туралы шынайы ақпаратты, жоспарлар, жетістіктер, қызмет проблемалары туралы қосымша мәліметтерді, сондай-ақ талдамалық материалдар туралы ақпаратты ұсынуға ұмтыламыз.

НАРЫҚТЫҢ КӘСІБИ ҚАТЫСУШЫЛАРЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде Биржа ақпараттық ашықтық, кәсібилік, адалдық, өзара пайда мүдделерін сақтау, қабылданған міндеттемелер үшін толық жауапкершілікті түсіну қағидаттарын басшылыққа алады, сондай-ақ шарттық қатынастар мен жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормалардың барлық талаптарын сақтауға ұмтылады. Биржаның ішкі құжаттары қолданылатын заңнама мен іскерлік әдеп негізінде әзірленеді. Корпоративтік қатынастарға қатысушылар арасындағы қатынастар өзара сенім мен құрметке негізделеді. Бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығы субъектілері арасындағы кәсіби әдеп және іскерлік мінез-құлық ережелерін сақтау мақсатында және олардың осы нарықтағы қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Биржада қабылданған Кәсіби әдеп және іскерлік мінез-құлық ережелерімен және Биржаның өзге де ішкі құжаттарымен, іскерлік айналым шарттарымен және әдет-ғұрыптарымен реттеледі.

ЖҰМЫСКЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Биржаның жұмыскерлермен өзара қарым-қатынасы жоғары кәсіби, ынталы және білікті персоналды қалыптастыруға бағытталған анық және ашық кадр саясатына негізделген. Биржа барлық жұмыскерлерге еңбек қызметі, біліктілікті арттыру және оқыту процесінде олардың әлеуетін іске асыру үшін әділ және тең мүмкіндіктерді, олардың қызметінің нәтижелерін тәуелсіз бағалауды, сондай-ақ жұмыскерлердің кәсіби қабілеттері, білімдері мен дағдылары негізінде ғана іріктеу мен мансаптық өсуін қамтамасыз етуге ұмтылады.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Биржа және оның жұмыскерлері мемлекеттік органдар мен Биржаның барлық бастамалары ел экономикасын дамытуға бағытталуы тиіс екенін түсіне отырып, мемлекеттік органдармен және мемлекеттік қызметшілермен әріптестік пен құрмет қағидаттарында қарым-қатынас орнатады. Биржа ҚНДРА және "Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы" ЗТБ өкілдерімен үнемі байланыста. Кәсіби қатысушылардың қызметіне олардың әсер етуі тұрғысынан заңнаманың және тұтастай құқықтық ортаның жай-күйінің өзгеруіне талдау және мониторинг жүргізеді, сондай-ақ бірқатар нормативтік-құқықтық актілерді жазуға және өзгертуге қатысады.



Биржа жауапты және адал салық төлеуші болып табылады.



2023 ЖЫЛЫ НЕГІЗГІ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

АКЦИОНЕРЛЕР

- акционерлердің жалпы жиналысы
- Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына қатысу үшін Биржа акционерлерімен өзара іс-қимыл жасау
- дауыс беруге арналған бюллетеньдердің материалдары мен нысандарын беру
- электрондық пошта және/немесе телефон арқылы ақпараттық хабарламалар мен жазбаша өтініштер жіберу
- акционерлердің сұрау салуларына ресми хаттар жазу
- жылдық қаржылық есептер
- орнықты даму туралы жарияланған ақпарат
- қаржылық есеп берушілік депозитарийінің интернет-ресурстарында жариялау
- баспасөз мәлімдемелері
- инвесторлар мен акционерлерге арналған жалпы корпоративтік сайт және бөлімдер

ИНВЕСТОРЛАР

- байланыс орталығы
- Биржаның мобильдік қосымшасы
- корпоративтік сайт
- "Эмитент күні" жобасы
- Қазақстан өңірлері бойынша көшпелі сессиялар
- әлеуметтік желілер
- қаржылық есеп берушілік депозитарийінің интернет-ресурстарында жариялау
- баспасөз мәлімдемелері
- электрондық хаттар, кездесулер, оның ішінде виртуалды, телефон қоңыраулары
- Биржаның кәсіби қатысушылары, инвесторлары мен акционерлеріне арналған сайт

КЛИЕНТТЕР (КӘСІБИ ҚАТЫСУШЫЛАР)

- байланыс орталығы
- Биржаның мобильдік қосымшасы
- корпоративтік сайт
- "Эмитент күні" жобасы
- Қазақстан өңірлері бойынша көшпелі сессиялар
- әлеуметтік желілер
- KASE TALKS
- кәсіби қатысушылардың қызмет көрсету сапасына қанағаттануын бағалау

ЖҰМЫСКЕРЛЕР

- қызметкерлердің қанағаттану деңгейін зерттеу
- корпоративтік пошта
- жылдық есептер
- townhall (ішкі коммуникация және хабарландыру)
- оқыту
- ерікті және волонтерлік қызмет
- корпоративтік іс-шаралар

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

06



KASE БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарын және өзге де халықаралық стандарттарды және орнықты дамудың үздік практикаларын басшылыққа ала отырып, ұзақ мерзімді кезеңде орнықты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттары мен міндеттерін келісуді қамтамасыз етуге ұмтылады.

Биржа экономикалық дамуды және қаржы нарығына қатысушылардың әл-ауқатын қолдау мақсатында сапалы, сенімді, орнықты және тұрақты қаржы инфрақұрылымының тиімді жұмысын және дамуын қамтамасыз етеді.



ЖАУАПТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ПРАКТИКАСЫН ДАМУ

Бүкіл әлем бойынша биржалар орнықты дамуды қолдау үшін капитал ағынын жұмылдыруда және орнықты экономикаға көшуге ықпал ететін жобаларға инвестициялау үшін қаржы тетіктерін әзірлеуде маңызды рөл атқарады. Сондықтан KASE-де жауапты қаржыландырудың үздік тәжірибелерін дамытуға көп көңіл бөлінеді, орнықты дамудың қаржы құралдарының спектрін енгізу және кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілуде, бұл экологиялық және әлеуметтік міндеттерді шешуге бағытталған нарықты құруға және кеңейтуге ықпал етеді.



Қазақстанда орнықты облигациялар нарығы 2020 жылы іске қосылды және осы сегментте тартылған қаражат сомасы жылдан жылға өсіп келеді. Егер KASE-де 2020 жылы ESG облигациялар нарығында 14,0 млрд теңге тартылса, 2021 жылы – 29,4 млрд теңге, 2022 жылы – 33,6 млрд теңге, ал 2023 жылы – 64,1 млрд теңге тартылды.

2023 жылдың соңына қарай Биржада листингтен 9 эмитенттің ESG облигацияларының 18 шығарылымы өтті (2 шығарылым өтелді), шығарылым көлемі 211,5 млрд теңгені құрайды. Осындай облигацияларды шығарған компаниялар 150 млрд теңгеден астам қаржы тартты.

2023 жылы KASE-де ESG-облигациялардың сегіз шығарылымы жүзеге асырылды: жасыл облигациялардың бес шығарылымы және әлеуметтік облигациялардың үш шығарылымы. Эмитенттер Азия Даму Банкі, "KEGOC" АҚ, "ОнлайнКазФинанс МҚҰ" АҚ, "Қазақстан Даму Банкі" АҚ, BlackBioTechnology ЖШС, KazWindEnergy ЖШС және "Арнур Кредит" МҚҰ ЖШС болды.

2023 жылдың ерекшелігі халықаралық қаржы ұйымдары мен квазимемлекеттік сектор компанияларының, шағын және орта бизнес өкілдерінің және микроқаржы ұйымдарының шығарылымдары басым болған орнықты облигациялар нарығында пайда болуы болды.

31.12.2023 жағдай бойынша облигациялық шығарылымдардың құрылымы



■ Әлеуметтік

■ Жасыл

■ МҚҰ

■ Квазимемлекеттік сектор

■ Қаржы ұйымдары

■ ШОБ

Осылайша, 2023 жылы өздерінің алғашқы гендерлік облигацияларын "ОнлайнКазФинанс МҚҰ" АҚ және "Арнур Кредит" МҚҰ ЖШС орналастырды. Шығарылымның жарияланған көлемі тиісінше 20 млрд. теңгені және 1,5 млрд. теңгені құрады.

Шығарылым қаражаты "ОнлайнКазФинанс МҚҰ" АҚ-ның Гендерлік қаржыландыру саласындағы саясатына және "Арнур Кредит" МҚҰ ЖШС-нің орнықты даму саласындағы саясатына сәйкес келетін жобаларға, оның ішінде:

1. әйелдер басқаратын немесе әйелдерге тиесілі;
2. жұмыс орнында гендерлік теңдікті ілгерілететін;
3. штаты 70 % және одан да көп әйелдерден тұратын;
4. әйелдердің өмір сүру сапасын жақсартатын өнімдер мен қызметтер көрсететін компанияларды қаржыландыруға бағытталды.

2023 жылдың күзінде ШОБ секторынан екі эмитент жасыл облигацияларды орналастырды. "KazWind Energy" ("КазВинд Энерджи") ЖШС "Қостанай облысының Арқалық ауданында қуаты 48 МВт жел электр станциясын салу" жобасын қаржыландыру үшін 3 млрд. теңге көлемінде жасыл шығарылым орналастырды. Жасыл облигациялар шығару нәтижесінде "Black Biotechnology (Блэк Биотехнологджи)" ЖШС алған 1,5 млрд. теңге Қазақстан Республикасында органикалық ауыл шаруашылығын дамыту үшін инновациялық биологиялық жем қоспалары мен тыңайтқыштар өндіретін зауыт құрылысының жобасын іске асыруға бағытталатын болады.

ESG-ны табысты дәріптеу мүдделі тараптардың әртүрлі топтарын тартуды талап етеді. 2021 жылдың шілдесінде PwC Kazakhstan тәуелсіз консалтингтік ұйым ретінде ESG жобаларын қаржыландыру инфрақұрылымын құрудың халықаралық тәжірибесі бойынша әдіснамалық қолдау көрсетуге және кеңес беруге міндеттенді. Бұдан әрі KASE-де орналастырылатын облигациялар бойынша ESG мақсаттарын растауға Ernst & Young, "Эксперт РА" және АКРА рейтингтік агенттіктері, сондай-ақ АХҚО Жасыл қаржы орталығы дайын екендіктерін білдірді.

2023 жылы Қазақстанның қор нарығында орнықты даму қағидаттарын одан әрі дамыту және енгізу үшін өзара ынтымақтастық туралы меморандумды KASE және Green Investment Group (GIG) жасады.

Биржа өзінің қаржы нарығына қатысушыларды оқыту, олардың білім беру іс-шараларын қамтуды кеңейте отырып және мазмұнын байыта отырып, орнықты даму трендтері, стандарттары мен практикалары туралы хабардар болуын арттыру жөніндегі міндеттеріне ерекше мән береді.

Мысалы, 2023 жылы Биржа мынадай іс-шараларды ұйымдастырды:

- Астана қаласындағы Атамекен ҰҚП алаңындағы "KASE-нің бизнеске арналған мүмкіндіктері", онда спикерлер бизнес үшін қор нарығының құралдары, олардың түрлері мен артықшылықтары, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары, сондай-ақ Биржадағы листинг процедуралары туралы айтып берді;
- RepRisk халықаралық компаниясының қатысуымен "ESG Insights: трендтер, даму және интеграция", компания өкілдері ESG-ның озық инновациялары мен ерекшеліктері, әлемдегі және Орталық Азиядағы ESG нарығын дамытудың негізгі үрдістері мен перспективалары, ESG тәуекелдері және оларды басқару саласындағы зерттеулер, сондай-ақ корпорациялар қызметіне, инвестициялар мен банк қызметіне ESG тәуекелдерін ықпалдастыру туралы айтып берді.
- "PRI-ге кіріспе: Жауапты инвестициялау тәжірибесін дамыту және әлемдік инвестициялық сектордағы ESG саласындағы білім деңгейін арттыру". Аталған іс-шарада Солтүстік Еуропада, Орталық және Шығыс Еуропада және ТМД-да PRI Academy-дегі жауапты инвестициялар жөніндегі аға сарапшылар спикерлер болды. Вебинарда қатысушылар жауапты инвестициялау қағидаттарымен және әлемдік инвестициялық секторы бар PRI қызметімен, сондай-ақ ESG-ны ілгерілетумен және осы бағыттағы құзыреттерді кеңейту мүмкіндіктерімен танысты.

2023 жылы KASE ҚНДРА және IFC-мен бірлесіп ШОБ секторындағы компаниялар үшін бірінші конкурс өткізді. Он қатысушының екеуі IFC-тен тегін қолдау алды (1) орнықты даму саясатын жасауға және қаржылық емес есеп берушілікті дайындауға көмек; (2) тәуелсіз сыртқы баға алуға көмек (second party opinion); (3) қаржылық кеңес берушінің қызметтерін қаржыландыру; (4) қызметкерлер үшін оқыту тренингтерін өткізу.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ЖӘНЕ БӨЛШЕК ИНВЕСТОРЛАРДЫ ҚОЛДАУ



KASE-нің маңызды міндеті шағын және орта бизнес субъектілері мен жеке тұлғалардың қаржылық қызметтерге қол жеткізуін кеңейтуге, сондай-ақ шағын және орта бизнес субъектілерінің инвестициялар тартуына жәрдемдесу болып табылады.



2023 жылдың ақпан айында Биржа "KASE-нің бизнеске арналған мүмкіндіктері" вебинарын "ДАМУ" КДҚ АҚ және "Eco Product" ЖШС-мен бірлесіп өткізді. Спикерлер қор нарығының бизнеске арналған құралдары, олардың түрлері мен артықшылықтары, қор нарығына шығу кезінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары туралы айтып берді. Сондай-ақ, бизнестің хабардар болуын арттыру үшін "Ел тірегі" өнеркәсіпшілер және кәсіпкерлер одағымен, Кондитерлер қауымдастығымен, Қазақстанның Астықты қайта өңдеушілер одағымен, "KazWaste" қалдықтарды басқару қауымдастығымен, Органикалық егіншілік қауымдастығымен, Машина жасаушылар одағымен дөңгелек үстелдер өткізілді, оларда Биржа спикерлері кәсіпкерлерге қор нарығының бизнеске арналған құралдары және қор нарығына шығу жөніндегі мемлекеттік қолдау шаралары туралы айтып берді.

2023 жылдың маусым айында Биржа кәсіпкерлерді "KASE-де қаржыландыруды тарту" оқыту бағдарламасына шақырды.

Аталған кешенді бағдарлама аясында:

- "Қор нарығында қаржыландыруды тартудың мақсаттары мен артықшылықтары" вебинарында Биржа өкілдері қор нарығының бизнеске арналған құралдары туралы, олардың түрлері мен артықшылықтары туралы, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары туралы айтып берді;
- "Компания капиталын басқару және қаржыландыруды тарту тәсілдері" вебинары шеңберінде Биржа мен КРМГ-дің Орталық Азия және Кавказ өңіріндегі талдаушылары капиталдың оңтайлы құрылымын таңдаудың халықаралық және жергілікті тәжірибелері, микро-және макрофакторлардың капиталдың оңтайлы құрылымынан ауытқуына әсері туралы, сондай-ақ қаржыландырудың әділ мөлшерлемесін өз бетінше есептеу тәсілдері туралы айтып берді;
- "Қор нарығында бағалы қағаздарды орналастыруға дайындық кезеңдері" үшінші вебинары шеңберінде Биржа спикерлері корпоративтік басқару, құжаттардың мазмұны және қаржылық есеп берушілік бөлігінде әлеуетті эмитенттерге қойылатын талаптар туралы, листингтік процедуралары мен кезеңдері туралы, сондай-ақ бағалы қағаздардың айналысы кезеңінде ақпаратты ашу жөніндегі талаптар туралы айтып берді.



2023 жылдың 10 қазанынан 10 қарашасына дейін Акциялар нарығында жыл сайынғы бөлшек инвесторлар конкурсы өткізілді. Іс-шараны өткізу Қазақстанда акциялардың биржалық саудасын насихаттауға бағытталды. Конкурсқа KASE қор нарығына мүше брокерлік компаниялардың клиенттері болып табылатын жеке тұлғалар қатысты. Конкурсқа қатысушыларға қолжетімді қаржы құралдарының тізіміне KASE Индексінің акциялары мен KASE Global секторының акциялары кірді. Конкурсқа 130-дан астам бөлшек инвестор қатысты. Конкурс қорытындысы бойынша оған қатысушылар 485,9 млн теңге сомасына 5 448 мәміле жасады. Акциялармен мәміле жасау қорытындысы бойынша ең жоғары кірістілік алған үш жеңімпаз бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Қор нарығына әлеуетті инвесторларды тартуға бағытталған Биржаның тағы бір жобасы "Биржалық симулятор" конкурсы – Биржа 2008 жылдан бастап жылына екі рет өткізетін студенттік жоба болып табылады. Конкурс барысында жобаға қатысушыларға – ЖОО студенттеріне сауда-саттықтың басында басқаруға номиналды мөлшері 1 млн теңге болатын портфель (қаржы құралдарының/акциялардың виртуалды жиынтығы) ұсынылады. "Биржалық симуляторға" қатысушылардың негізгі міндеті ең үздік инвестициялық портфельді қалыптастыру болып табылады.

2022 жылдан бастап рұқсат етілген қатысушылардың тізімі кеңейтілді (яғни, тек ЖОО студенттері үшін ғана емес) және Биржаның KASE Mobile іске қосылған мобильді қосымшасы арқылы барлық ниет білдірушілер үшін өткізіледі. Жоба аясында сауда-саттыққа қатысушыларға 60-тан астам құрал қолжетімді. Өкілеттік тізімдегі акциялардан, сондай-ақ Exxon Mobil, Coca-Cola және басқалар сияқты белгілі брендтердің акцияларынан басқа сауда-саттыққа инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары қосылды.

2023 жылы аталған конкурс екі кезеңде өтті: бірінші кезең – 2023 жылдың 03 сәуірінен 31 мамырына дейін, екінші кезең – 2023 жылдың 02 қазанынан 30 қарашасына дейін. "Биржалық симулятор" жобасына қатысу үшін 2023 жылы Қазақстан, Венгрия, БАӘ, Ресей, Түркия және басқа да мемлекеттердің 100-ден астам жоғары оқу орындарынан 6 000-нан астам қатысушы тіркелді.

Қаржы сауаттылығын арттыру үшін Биржа Қазақстанның ЖОО студенттері үшін қор нарығының негіздері және "Биржалық симулятор" жобасы үшін KASE Mobile мобильді қосымшасын пайдалану туралы ұдайы таныстыру семинарларын; "KASE-дегі фьючерстер" тақырыбындағы онлайн-вебинарлар; бөлшек инвесторлардың қаржылық сауаттылығын арттыру үшін "KASE-дегі менің портфельім" кешенді оқыту бағдарламасын өткізеді. Сондай-ақ, Биржа

Дүниежүзілік қор биржалары федерациясының (WFE) жыл сайынғы World Investor Week 2023 бағдарламасын және "Ring the Bell for Financial Literacy" рәсімін қолдау мақсатында Қазақстанның бес қаласындағы жетекші ЖОО алаңдарында қазақстандық брокерлердің "KASE FEST" жәрмеңкелерін ұйымдастырады.

Биржа жыл сайын халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-шараларды өткізу үшін елеулі ресурстар бөледі, өйткені бұл қор нарығын дамытуға және халықтың инвестициялауға тартылуына ықпал етеді. Осы мақсатта 2023 жылы бірқатар түрлі жобалар ұйымдастырылды.

Балалар мен жастардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған Global Money Week жаһандық жобасы аясында Биржа "Инвестициялауға 5 қадам" және "Бағалы қағаздарға салық салу және декларациялау" вебинарларын өткізді.

ЖОО студенттері үшін жыл бойы "Қор нарығының негіздері" онлайн-дәрістері өткізілді. Сонымен қатар, Биржа "KASE-дегі фьючерстер" және "Инвесторлар үшін репо нарығының мүмкіндіктері" тақырыбында вебинарлар өткізді.

Халықтың қор нарығының құралдары туралы хабардар болуын арттыру мақсатында KASE "KASE-дегі менің портфельім" кешенді оқыту бағдарламасын өткізді, онда брокерлік ұйымдармен ынтымақтастықта "Бағалы қағаздар нарығына енгізу", "Акцияларды таңдау", "Облигацияларды таңдау", "Инвестициялық қорларды таңдау (ИПК және ETF)", "Мерзімді нарыққа кіріспе", "Инвестициялық портфельді құру" атты тақырыптар ашылды.

АҚПАРАТТЫ АШУ



2015 жылы БҰҰ-ның «Орнықты қор биржалары» бастамасына қосыла отырып, Биржа листингілік компаниялардың ESG-ақпаратты ашу әдістемесін әзірлеуге міндеттеме алды.



Мұндай әдістеме 2016 жылдың соңында әзірленіп, қолданысқа енгізілді. Сол кезде әдістеменің негізгі қағидалары пайдаланылатын материалдардың сипаты, су мен энергияны тұтыну, ластаушы заттар мен парниктік газдардың шығарындылары сияқты экологиялық критерийлер бөлігінде ақпаратты ашуды анықтады. Әлеуметтік мәселелер бойынша жұмыспен қамтуды, жұмыс орнында денсаулық пен қауіпсіздікті ұйымдастыру мәселелерін сипаттау, даярлық пен білім беру, әртүрлілік және тең мүмкіндіктер ұсынылды.

Корпоративтік басқару бөлігінде корпоративтік басқару жүйесінің сипаты, басқару, ішкі бақылау және аудит көзделді.

2018 жылы Халықаралық қаржы корпорациясымен (IFC) бірлесіп әдістеме жаңартылды. Оның бастапқы көрсеткіштерден негізгі айырмашылығы жалпы экологиялық және әлеуметтік мәселелерге, корпоративтік басқару мәселелеріне қатысты қызметтің түйінді көрсеткіштерінің тізімін анықтау, сондай-ақ экономиканың түйінді секторлары бойынша салалық маманданымдарды сипаттау болып табылады.

2020 жылдың ақпанында Биржа листингілік компаниялар Биржаға ұсынуы тиіс жылдық есептерге қойылатын талаптарды жаңартты. Талаптардың арасында бағалы қағаздары Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" санатында тұрған компаниялар үшін әлеуметтік жауапкершілік пен экологиялық жөніндегі ақпаратты қосымша ашу көзделген. 2021 жылы Биржа Әдістеменің барлық шарттарын Бағалы қағаздарға рұқсаттама бастамашыларының ақпаратты ашу ережелерінде белгіленген және ESG ақпаратты ашуды көздейтін жылдық есептерді дайындау жөніндегі талаптарға көшіру процесін аяқтады.

2023 жылы Биржа ESG-ақпаратты ашуға тиіс компаниялар тізбесін кеңейту бөлігінде өз ережелеріне өзгерістер енгізді. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап осы талап "Баламалы" алаңында (орта және шағын бизнес) өздерінің бағалы қағаздарын орналастыратын компанияларға қолданылатын болады.

KASE жыл сайын листингілік компаниялар арасында жылдық есептер конкурсын өткізеді. Биржа конкурсқа қатысушылар есептерінің әртүрлі сипаттамаларын бағалауды ескеретін жылдық есептерді бағалау тәртібін әзірледі. Жиынтығында 150 критерий бағаланды. 2022 жылдың орнықты даму туралы үздік есебі ретінде "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ есебі танылды, сондай-ақ "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ мен "First Heartland Jusan Bank" АҚ есептері жүлдегер атанды.



ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК

Биржа әртүрлілік пен тең мүмкіндіктер құндылықтарын ілгерілетуге ұмтылады, оның ішінде гендерлік теңдік пен инклюзия жөніндегі бағдарламаларды ілгерілетеді, Биржа қызметкерлері арасында және бизнес-ортада гендерлік теңгерімді қамтамасыз етуге ықпал етеді.

2023 жылдың 6 наурызында KASE Халықаралық қаржы корпорациясымен бірлесіп жыл сайынғы Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығының ашылу рәсімін өткізді, оның шеңберінде "DigitALL: Women in FinTech" тақырыбында пікірталас өтті.

Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығының ашылу рәсімі гендерлік инклюзивтілікті дамыту перспективаларына және гендерлік теңдікті қолдауға назар аударуға арналған.

"DigitALL: Women in FinTech" тақырыбындағы пікірталас цифрландыру және IT технологияларын дамыту аясында гендерлік инклюзивтілікті қолдаумен байланысты тақырыптарды талқылаған цифрлық технологиялар және қаржы технологиялары саласындағы сарапшылардың қатысуымен өтті.

Бұл акцияны бүкіл әлем бойынша дәстүрлі түрде UN Women, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) және Дүниежүзілік биржалар федерациясы қолдайды. Сауда-саттықтың ашылу рәсімін өткізу қазақстандық қаржы қоғамдастығы үшін игі дәстүрге және заманауи бизнес жағдайында гендерлік әртүрлілік тақырыбында диалог алаңына айналды.



КЛИМАТТЫҚ КҮН ТӘРТІБІ

Биржа 2015 жылдың 12 желтоқсанында БҰҰ Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы тараптары конференциясының 21-ші сессиясында қабылданған Климат жөніндегі Париж келісіміне қатысу шеңберінде қабылданған көміртегі бейтараптылығы туралы міндеттемелерді Қазақстан Республикасының орындауына жәрдемдесуге ұмтылады.

2022 жылы Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен жылдық есепті дайындау бойынша талаптарға климат бойынша ақпаратты ашу жөніндегі бөлім енгізілді, оны әзірлеу кезінде TCFD ұсынымдары пайдаланылды. Бұл бөлім ұсынымдық сипатта болады.

Биржа климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі жаһандық күш-жігерді қолдау саласындағы өз қызметін кеңейтуді, оның ішінде:

1. өз көміртегі ізін қысқарту жөніндегі шараларды іске асыру үшін күш-жігер жұмсауды;
2. көміртегі бірліктері нарығын дамыту үшін іс-шараларды жүзеге асыруды;
3. Биржа эмитенттерінің климаттық жобаларына инвестициялар көлемін кеңейту жөніндегі шараларды қолдауды жалғастыруды;
4. Биржа эмитенттерінің климаттық ақпаратты, оның ішінде климаттық тәуекелдерді түсіну және басқару бөлігінде сапалы ашуына ықпал етуді жоспарлап отыр.



ҚОРШАҒАН ОРТА

Биржа тұтыну мен өндірудің ұтымды моделін енгізуге, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға, қалдықтардың пайда болуын болдырмау, оларды қысқарту, қайта өңдеу және қайта пайдалану жөнінде шаралар қабылдау жолымен қалдықтардың көлемін азайтуға ұмтыла отырып, қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті бөледі.

Биржа тұтынатын негізгі ресурстар электр энергиясы, жылу энергиясы, қағаз өнімдері және су болып табылады. 2021 жылы Биржа "Жасыл кеңсе" бағдарламасын енгізді, бұл ұйымды басқарудың кешенді тәсілін білдіреді және жалпы қабылданған үш R принциптеріне негізделген бірқатар техникалық және уәждемелік-білім беру іс-шараларын қамтиды:

- **REDUCTION** – энергияны, суды, электр қуатын және басқаларды ақылға қонымды тұтыну;
- **REFINEMENT** – кеңсе материалдарын, қағаз бен басқа да шығыс материалдарын қайта пайдалану
- **REPLACEMENT** – экологиялық жауапты сатып алу және қоршаған ортаға әсерін азайтатын тауарлар мен қызметтерді сатып алу, көлікті баламалы және/немесе тиімді пайдалануды насихаттау.

"Жасыл кеңсе" бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Биржа Биржаның қызметкерлері қатарынан – KASE GREEN эко белсенділер штабын құрды. Биржада қалдықтарды бөлек жинау енгізілді. 2023 жылы 131 кг жуық макулатура (2022: 163 кг, 2021: 96 кг), 109 кг астам шыны (2022: 33 кг, 2021: 24 кг) және 48 кг пластик (2022: 28 кг, 2021: 24 кг) жиналды. 2023 жылы Биржа корпоративтік іс-шараларды өткізу кезінде пластик ыдыстарды пайдаланудан бас тартты.

Сәуір айында Биржа қызметкерлері Almaty Clean & Green экологиялық акциясы аясында Алматыдағы Баума тоғайындағы жалпықалалық сенбілікке қатысты. 2023 жылдың 4 мамырында KASE 30 жылдық мерейтойына орай Астана қаласының Әкімдігімен және "Орнықты даму" Жер қорымен бірлесіп Қазақстан Республикасы астанасының Президенттік Саябағында KASE аллеясын салудың салтанатты рәсімін өткізді. Акцияға қатысушылар 100 сакура көшетін отырғызды.

2024 жылы KASE Биржада сатып алулар жүргізудің жауапты тәжірибесін одан әрі жетілдіру бойынша жұмысты жоспарлап отыр.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ



Биржада Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының халықаралық ұсынымдары мен талаптарына негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі ұйымдастырылған және жұмыс істейді.



Үздік халықаралық практикаларға, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес Биржада Комплаенс-қызмет (бұдан әрі – Қызмет) функцияларын кеңейту жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс енгізілді. Қызмет сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға және ұйым ішіндегі сыбайлас жемқорлық көріністеріне “нөлдік төзімділікті” қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар мен бақылау процедураларының кешенін әзірлейді және орындайды.

Биржада сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге және оның салдарын барынша азайтуға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің міндеттерін, қағидаттары мен бағыттарын анықтайтын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар әзірленді және бекітілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау тоқсан сайынғы негізде жүргізіледі. Бұдан басқа, Қызмет тұрақты негізде Биржа жұмыскерлерінің Мүдделер қақтығысын басқару саясаты мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауына мониторинг жүргізеді. Есептік кезеңде Биржаның қызметіне теріс әсер етуге қабілетті іске асырылған мүдделер қақтығыстары анықталған жоқ.

Биржа жұмыскерлерінің комплаенс-мәдениетін ілгерілету және арттыру үшін Қызмет мынадай мәселелер бойынша 4 оқыту өткізді:

- комплаенс-тәуекелдерді және комплаенс-мәдениетті басқару;
- мүдделер қақтығысын басқару;
- активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну жөніндегі талаптарды қоса алғанда, Биржада қабылданатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар мен шектеулер.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін Қызмет сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен сыйлықтарды алу және сыйға тарту тәртібі туралы оқыту жадынамаларын дайындап, Биржаның барлық жұмыскерлерінің атына үнемі жіберіп отырады.

Есептік кезеңде өткізілген іс-шаралардың нәтижесінде Биржаның жаңадан қабылданған және жұмыс істеп тұрған жұмыскерлерінің арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарға байланысты өтініштерді, сондай-ақ Биржаның немесе оның жұмыскерлерінің іс-әрекеттеріне шағымдарды (өтініштерді) қарау үшін “жедел желі” ұйымдастырылды, оның байланыстары Биржаның веб-сайтында көрсетілген.

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



Биржа корпоративтік еріктілік тәжірибесін қолдайды. KASE қызметкерлері балаларға және медициналық мекемелерге көмек көрсетуге бағытталған жобаларға ерікті түрде қолдау көрсетеді.

2023 жылдың 01 маусымында KASE қызметкерлері Халықаралық балаларды қорғау күніне орай жиналған қаражатқа Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының пациенттері үшін мереке ұйымдастырды. Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы – бұл Қазақстан халқының денсаулығын сақтау және нығайту үшін жоғары технологиялық медициналық көмек көрсететін көпбейінді клиника.

2023 жылы KASE өзінің қайырымдылық және демеушілік қызметін реттеу бойынша жұмыс жүргізді. Биржа қайырымдылық қызметті жүзеге асыру қағидаттарын әзірледі, оның басым бағыттарын және оны жүзеге асыру шеңберінде әріптестермен өзара іс-қимыл тәртібін анықтады. Биржа Биржаның орнықты дамуының елеулі тақырыптарына байланысты жобаларды қолдау мақсатында өзінің қайырымдылық қызметінің бағыттарын кеңейту мүмкіндіктерін қарастырады. 2024 жылы Биржа демеушілік пен қайырымдылық қызметті жүзеге асыру саясатын бекітуді жоспарлап отыр.



ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

07

“ Орнықты дамуды басқару Биржаны дамытудың жалпы стратегиясын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылады, оның ажырамас бөлігі болып табылады және Биржаның миссиясы мен стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған.

Биржаның даму стратегиясы Биржаның орнықты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттерін назарға ала отырып, әзірленеді және өзектендіріледі. Орнықты даму аспектілері стратегиялық жоспарлауға, корпоративтік басқаруға, тәуекел-менеджментке, персоналды басқаруға және Биржаның басқа да қызмет салаларына енгізілген.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Жоғары деңгейдегі корпоративтік басқару Биржаның табысты және тиімді қызметі үшін қажетті шарт болып табылады. Биржада корпоративтік басқаруды ұдайы жетілдіру – біз үшін Биржаның Директорлар кеңесі, Басқармасы және акционерлері арасында тұрақтылықты арттыру, тиімді қарым-қатынас жүйесін құру үшін қажетті маңызды міндет. Биржа ішкі корпоративтік басқарудың тиімді жүйелерін құра отырып және Биржаның орнықты даму саласындағы қызметін қамтамасыз ету үшін операциялық процестер мен саясаттарды енгізе отырып, корпоративтік басқарудың, әдеп пен іскерлік мінез-құлықтың үздік практикалары мен стандарттарын ұстанады.

2016 жылдың ақпанда Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен Биржаның қолданыстағы Корпоративтік басқару кодексі Директорлар кеңесі мен Басқарма, Биржаның акционерлері мен лауазымды тұлғалары арасындағы қатынастарды, Биржа органдарының жұмыс істеу және шешім қабылдау тәртібін қоса алғанда, Биржаны басқару процесінде қолданылатын негізгі стандарттар мен қағидаттарды анықтайды.

Биржаның корпоративтік басқару кодексі ҚР қолданыстағы заңнамасының қағидаларына сәйкес, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында қалыптасқан ұлттық және халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірленді.

Биржаның корпоративтік басқару кодексінде корпоративтік басқарудың мынадай қағидаттары бекітілген, олар осы Кодексте егжей-тегжейлі сипатталған:

1. Биржа акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау;
2. Биржаны оның акционерлерінің жалпы жиналысын, Биржаның Директорлар кеңесін және Биржа Басқармасын тиімді басқару;
3. Биржа және оның қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы, уақтылығы және объективтілігі;
4. заңдылық пен әдеп;
5. тиімді дивидендтік саясат.

Орнықты даму мәселелерін басқаруды Директорлар кеңесі, Басқарма және Биржа Басқармасының Төрағасы жүзеге асырады. Директорлар кеңесі орнықты даму қағидаттарының интеграциясын және Биржаның қызметіне ESG-практикалардың енгізілуін қадағалауды, оның ішінде Биржаның Орнықты даму саясатын және орнықты даму аспектілерімен байланысты басқа да құжаттарды бекіту жолымен жүзеге асырады.

Акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі және Басқарма арасында функцияларды бөлу ҚР заңнамасына және Биржа жарғысына сәйкес жүргізілді.

Корпоративтік басқару құрылымы



Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Биржаның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің құзыретіне Биржа қызметінің басым бағыттарын және оның даму стратегиясын анықтау жатады.


Директорлар кеңесінің құрамына тұрақты негізде дауыс беру құқығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілі (өкілдері) және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның өкілі (өкілдері) кіреді. Директорлар кеңесінің басқа мүшелері: 1) Биржа акционерлері – жеке тұлғалар; 2) Биржа акционерлерінің өкілдері ретінде

Директорлар кеңесінің мүшелері лауазымына сайлауға ұсынылған (ұсыныс жасалған) тұлғалар; 3) Биржаның акционерлері болып табылмайтын, Биржаның тәуелсіз директорлары ретінде Директорлар кеңесі мүшелерінің лауазымына сайлауға ұсынылған (ұсыныс жасалған) тұлғалар.

Биржаның Директорлар кеңесі туралы қағидаға сәйкес Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы Биржаның тәуелсіз директорлары болуға тиіс.


2024 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Биржаның Директорлар кеңесінің құрамы мынадай болды:

Жасы бойынша директорлар кеңесінің құрылымы



■ 40-тан 49 жасқа дейін
■ 50-ден 55 жасқа дейін

Директорлар кеңесінің гендерлік құрылымы



■ Ерлер
■ Әйелдер

KASE ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



Молдабекова Алия Мейрбековна

Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары



Әбдіразақов Елдар Советұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, Директорлар кеңесінің төрағасын алмастыруға құқығы бар тұлға, "ForteBank" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директоры, "Эйр Астана" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, "Сентрас Секьюритиз" АҚ; "Сентрас Иншуранс" сақтандыру компаниясы" АҚ, "Коммеск-Өмір" сақтандыру компаниясы" АҚ, "Сентрас Коммеск Life" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы



Алдамберген Алина Өтемісқызы

Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрайымы



Дронин Александр Владимирович

Директорлар кеңесінің мүшесі, сақтандыру, инвестициялық және қаржы-техникалық сектордағы түрлі жобалардағы тәуелсіз стратегиялық кеңесші



Елемесов Асқар Раушанұлы

Бюджет және стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетінің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор, "ТҚРА (Талдамалық кредиттік рейтингтік агенттік)" АҚ филиалының басшысы, "Bereke Bank" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, "Samanea Limited" Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, "SkyBridge Invest" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры



Израили Дорон

Ішкі аудит комитетінің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор, Arison School of Business, IDC Herzlia профессоры; Назарбаев университеті жоғары бизнес мектебінің профессоры



Хаджиева Мария Жамаловна

Директорлар кеңесінің мүшесі, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары



Ян Виллемс

Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор, Clearstream Banking Атқарушы директоры, Әлемдік нарықтар өнімдері бөлімінің басшысы



Марич Игорь Леонидович

KASE Директорлар кеңесінің мүшесі, "Московская Биржа" тобының өкілі.



Салимов Ертай Исмаилович

"Қазақстан Халық Банкі" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасының орынбасары

2024 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша КАСС Директорлар кеңесі келесі құрамда болды:

КАСС ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



Алдамберген Алина Өтемісқызы

Директорлар кеңесінің төрайымы, Биржа Басқармасының төрайымы, жалғыз акционердің өкілі



Саржаков Жайнар Наурзбаевич

Директорлар кеңесінің мүшесі, Биржа Басқармасы Төрағасының орынбасары, жалғыз акционердің өкілі



Ташметов Мирлан Жапарбекович

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар, әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің және Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитетінің төрағасы

Биржаның Директорлар кеңесі жанынан мынадай консультациялық-кеңесші органдар құрылды және жұмыс істейді: Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет, Ішкі аудит жөніндегі комитет. Басқарма жанынан комитеттер мен жұмыс топтары атынан бірқатар жұмыс органдары құрылды, бұл неғұрлым маңызды стратегиялық мәселелерді егжей-тегжейлі қарауға мүмкіндік береді. Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізу үшін Директорлар кеңесіне Ішкі аудит қызметі, Комплаенс-қызметі және Корпоративтік хатшы жәрдем көрсетеді.

Орнықты дамуды басқару мәселелері бөлігінде Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің құзыретіне Директорлар кеңесі қарауға жататын Биржаның жоспарлы құжаттарын, оның ішінде Биржаның даму стратегияларын (стратегиялық жоспарларын), сондай-ақ Биржаның негізгі жұмыстар жоспарын, оның ішінде орнықты даму мәселелері бойынша, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептерді алдын ала қарау жатады.

Аудит жөніндегі комитеттің құзыретіне Ішкі аудит қызметі мен Комплаенс қызметінің басшылары мен жұмыскерлері қызметінің көрсеткіштерін бекіту және олардың орындалу нәтижелерін, оның ішінде орнықты даму мәселелері бойынша қарау жатады.

Кадрлар жөніндегі комитеттің құзыретіне Биржаның басшы жұмыскерлеріне қойылатын біліктілік талаптарын анықтау және олардың сыйақысын анықтау, Биржаның кадр саясаты, жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу және бағалау жүйесі, Биржа жұмыскерлерін әлеуметтік қолдау жүйесі, Биржа жұмыскерлерінің корпоративтік мінез-құлқы, Биржадағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі, сондай-ақ іскерлік мінез-құлық пен іскерлік этика практикасы мәселелері жатады.

Биржа Директорлар кеңесі мүшелерінің тәжірибесінің, дағдысының және ой-өрісінің ең жақсы теңгеріміне ұмтылады. Мәселелерді талқылау кезінде әртүрлі көзқарастардың болуы Директорлар кеңесіне өз функцияларын неғұрлым тиімді орындауға және акционерлердің мүдделерін білдіруге мүмкіндік береді. Тәуелсіз директорлар халықаралық басқару, стратегиялық пайым, корпоративтік басқару, тәуекел-менеджмент тәжірибесін келтіреді. Сонымен бір мезгілде көптеген Директорлар сыйақы мәселелерін қоса алғанда, банк секторында, тұтастай алғанда қаржыда, адам ресурстарын басқаруда білімді меңгереді.

Биржаның Директорлар кеңесі және оның Комитеттері өз жұмысын бір жылға арналған жұмыс жоспарларына сәйкес жүргізеді. Есептік кезеңде Биржаның Директорлар кеңесі Биржаның өз құзыретіне жататын қызметінің стратегиялық және ағымдағы мәселелерін қарады. Директорлар кеңесінің 12 отырысы және 24 сырттай дауыс беруі өткізілді. Биржаның 2022–2024 жылдарға арналған даму стратегиясы шеңберінде корпоративтік басқару деңгейін арттыру, басқару есептілігін жетілдіру, олардың маржиналдылығын ескере отырып, жобаларды бағалаудың жаңа тәсілдерін қолдану, сондай-ақ дивидендтік саясаттың жаңа тәсілдерін енгізу жөніндегі жұмыс жалғастырылды. Бұл іс-шаралар КАСЕ-нің инвестициялық тартымдылығын арттыруға, Биржаның стратегиялық және бәсекелестік артықшылықтарын күшейтуге бағытталған.

Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен тежірибелері турапы ақпарат

10/10	Каржы
8/10	Көшбасшылық
4/10	IT технологиялар
8/10	Тәуекелдерді басқару
10/10	Халықаралық тәжірибе
10/10	Стратегиялық пайым
8/10	Корпоративтік басқару
8/10	Адам ресурстарын басқару

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Тәуекелдерді басқару Топтың барлық елеулі тәуекелдерін анықтауға, бағалауға және мониторингтеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету жөнінде шаралар қабылдауға бағытталған Топ қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Топта тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы мынадай органдар мен бөлімшелерді тарта отырып, бірнеше деңгейдегі тәуекелдерді басқару болып табылады: Директорлар кеңесі, Басқарма, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше, комплаенс бөлімшесі, заң бөлімшесі, Ішкі аудит қызметі, құрылымдық бөлімшелер – тәуекелдердің иелері.

Тәуекелдерді басқару жүйесін үздіксіз дамыту және жетілдіру Топқа ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерге уақтылы ден қоюға, қызметтің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

- Топта тәуекелдерді басқару – тұрақты, серпінді және үздіксіз процесс. Есептік кезеңде Топта тәуекелдерді басқару бойынша мынадай жұмыстар атқарылды:
- 2023 жылы "eTrade.kz" ЖШС еншілес компаниясынан акционерлік қоғам болып қайта құрылған Биржаның "KASE клиринг орталығы" АҚ еншілес компаниясының (бұдан әрі – Клиринг орталығы) тәуекелдерді басқару жүйесі саласында ішкі құжаттар әзірленді;
- Топ пен оның басшылары бизнесті дамыту стратегиясы шеңберінде қабылдауға дайын маңызды тәуекелдер бойынша тәуекел-тәбеті бекітілді;
- Биржаның тәуекелдерді басқару жүйесінің ISO 31000:2018 халықаралық стандартының ұсынымдарына сәйкестігіне өзін-өзі бағалау жүргізілді;
- есепті кезеңде жыл сайынғы тәуекелдерді сәйкестендіру процедурасы жүргізілді. Тәуекелдерді сәйкестендіру өткен кезең тұрғысынан да, болашақ ықтимал уақиғалар тұрғысынан да, сондай-ақ бизнес-процестерді жан-жақты талдау негізінде де жүргізілді. Биржаны дамытудың жаңа бағыттарын игеру кезінде тәуекелдер тіркелімі жаңа сәйкестендірілген тәуекелдермен (ESG-тәуекелдер) толықтырылды. Елдегі және әлемдегі ағымдағы саяси ахуалға байланысты жаңа тәуекелдер сәйкестендірілді және бағаланды. Жүргізілген жұмысты ескере отырып, тәуекелдер тіркелімі, Биржаның тәуекелдер картасы қайта қаралды.

Тоқсан сайын Биржаның және Клиринг орталығының Басқармасы өз басқару органдарын іске асырылған тәуекелдер мен оларды азайту үшін қабылданған шаралар бойынша ағымдағы жағдай туралы хабардар етеді.

Топта тәуекел мәдениетін жетілдіру тәуекелдерді басқару процесіне құрылымдық бөлімшелерді тарту жолымен, сондай-ақ Директорлар кеңесі, Басқарма, Басқарма жанындағы комитеттер және Биржа/Клиринг орталығы жұмыскерлері арасында ақпарат алмасу есебінен тұрақты негізде жүзеге асырылады.

2023 жылы Биржа/Клиринг орталығы жұмыскерлерінің тәуекел-мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді. Жұмысқа қабылдау кезінде жаңа жұмыскерлер Биржада/Клиринг орталығында тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеу қағидаттарымен танысады. Биржа/Клиринг орталығы жұмыскерлерінің тәуекел-мәдениетін арттыру бойынша жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде әрбір жұмыскердің тәуекелдерді басқару жүйесіне қатыстылығын түсінудің неғұрлым жоғары дәрежесі байқалады.

Биржаның/Клиринг орталығының нарықтық тәуекелдерін тиімді басқару үшін ОК қызметін жүзеге асыру кезінде Биржаның Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган – Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитет жұмыс істейді. Комитеттің функцияларына қаржы құралдарының іргелі және бекітілетін тәуекел-параметрлерінің мәндерін бекіту, Биржа Басқармасына биржалық нарықтардағы клирингтік қатысушыларға жеке шектелімдер мен шектеулерді белгілеу және қолдану бойынша ұсынымдар дайындау, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өзге де функциялар кіреді.

Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру қажет болатын бағыттарды анықтау үшін Биржаның Ішкі аудит қызметі Ішкі тексеру жоспарына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды жүргізеді.



ҚЫЗМЕТТІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІН БАСҚАРУ

Биржа қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл қызмет ішкі құжаттармен – инциденттер мен төтенше жағдайлар туындаған кезде қызметтің аса маңызды түрлерінің үздіксіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Биржа мен КАСС қызметін тез қалпына келтіру мақсатында олардың негізгі қызметке әсерін барынша азайту мақсатында халықаралық стандарттардың талаптарын ескере отырып әзірленген Қызметтің үздіксіздігін басқару саясатымен, Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен Қызметтің үздіксіздігін және қалпына келтірілуін қамтамасыз ету ережелерімен және Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарымен реттеледі.

Есептік кезеңде қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін реттейтін Биржаның ішкі құжаттарын өзектендіру жүргізілді. Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды өзектендіру қажеттілігі Биржа мен КАСС үшін қызметтің үздіксіздігін басқарудың бірыңғай жүйесін құруға байланысты, сондай-ақ қызметтің аса маңызды түрлерінің тізбесін және тестілеу түрлерін қалыптастыру бойынша тәсілдер қайта қаралды.

Биржада бірнеше деректерді өңдеу орталықтарының жүйесі жұмыс істейді, тоқтаусыз жүйені қамтамасыз ету мақсатында Биржаның IT-инфрақұрылымын тұрақты жетілдіру жүргізілуде. Оңтайлы IT-инфрақұрылымды қамтитын, бүгінгі күнге дейін құрылатын қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі сындарлы жағдай туындаған сәттен бастап белгіленген уақыт ішінде қызметтің аса маңызды түрлерін қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.

Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесінің ISO 22301-2019 халықаралық стандартына сәйкестігіне өзін-өзі бағалау жүргізілді, сондай-ақ анықталған сәйкессіздіктер бөлігінде стандарт ұсынымдарын енгізу бойынша жоспар әзірленді.

Биржаның бейінді бөлімшелері үздіксіздікті қамтамасыз ету бойынша жоспарларды тестілеуді және қызметті қалпына келтіруді (оның ішінде деректерді өңдеудің сақтық орталықтарында және виртуалды жұмыс орындары мен резервті офисті пайдалана отырып сауда-клирингтік жүйелердің жұмысын тестілеуді) тұрақты түрде жүргізеді.

Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесіне тәсілдерді өзгерту шеңберінде Биржаның серверлерінде құрылатын және пайдаланушының орналасқан жеріне қарамастан Биржаның барлық ақпараттық жүйелеріне қол жеткізуді көздейтін виртуалды жұмыс орындары жүйесін жаңғырту жүргізілді. Жұмыс орындарын виртуалдандыру төтенше жағдайларға жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

Биржа қызметінің үздіксіздігін ішкі жұмысты ұйымдастыру қамтамасыз етеді, бірақ табиғи, әлеуметтік, экономикалық және технологиялық сипаттағы сыртқы факторлардың да әсері бар. Атап айтқанда, Биржа қызметінің жекелеген түйінді аспектілері дағдарысты маңызды өнім берушілердің қызмет көрсетуінің үздіксіздігіне байланысты болады, оларды Қор олардың бас тартуға төзімділігі және халықаралық стандарттардың талаптарын ескере отырып, тиісті сападағы қызметтер көрсетудің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында өткізетін іс-шаралардың болуы тұрғысынан үнемі талдап отырады.

2023 жылы бизнес-процестерді қалпына келтірудің максималды рұқсат етілген тоқтап тұру/мақсатты уақытынан асып кету тіркелген жоқ.

2023 жылы қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесімен байланысты тәуекелді уақиғаларды іске асырудан нақты материалдық залал жоқ.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

Ішкі бақылау және аудит тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды элементтері болып табылады. Ішкі бақылау жүйесі Биржаның мақсатына, стратегиясы мен қызметіне сәйкес келеді және Биржаға тән тәуекелдерді тұрақты негізде уақтылы анықтау мен бағалауды және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес елеулі тәуекелдерді азайту жөнінде уақтылы шаралар қабылдауды бақылауды қамтамасыз етеді.

Ішкі бақылау:

- басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде тәуекелге бағдарланған тәсілді қалыптастыруды, Биржаның активтері мен пассивтерін тиімді басқаруды, тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруді және Биржа қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуді қоса алғанда, Биржа қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуге;
- ішкі және сыртқы пайдаланушылар үшін қаржылық, реттеушілік және басқа да есеп берушіліктің толықтығын, дұрыстығын және уақтылығын қамтамасыз етуге, бағалы қағаздар нарығының инвесторлары мен кәсіби қатысушылары үшін ақпараттық өнімдерді кеңінен таңдауға, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікке;
- Биржаның Қазақстан Республикасы заңнамасының, шет мемлекеттердің қолданылатын заңнамасының, сондай-ақ комплаенс саласындағы, оның ішінде КЖ/ТҚК мәселелері бойынша халықаралық стандарттардың және ішкі құжаттардың талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге;
- қаржы мониторингіне жататын күдікті мәмілелер мен операцияларды, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану жағдайларын уақтылы анықтауды қамтамасыз етуге;
- Биржа мен оның қызметкерлерін құқыққа қарсы қызметті, оның ішінде алаяқтықты, қателіктерді, дәлсіздіктерді, алдауды, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды (жылыстатуды) және терроризмді қаржыландыруды жүзеге асыруға тартуға жол бермеуге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Биржаның ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) өз қызметін Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленген Ішкі аудит туралы қағиданың негізінде жүзеге асырады.

Осылайша, онда ІАҚ-тің Биржаның қызметі туралы кез келген активтерге, барлық құжаттарға, бухгалтерлік жазбаларға және кез келген басқа ақпаратқа, оның ішінде құпия мәліметтерге кедергісіз және толық қол жеткізу, сондай-ақ деректерді енгізу және түзету құқығынсыз ақпараттық деректемелер қорына, пассив тәртіптемесінде бағдарламалық қамтамасыз етуге кедергісіз және толық қол жеткізу құқығы бекітілген.

Ішкі аудиторлардың объективтілігін және ІАҚ тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасының және реттеушінің талаптарына сәйкес Директорлар кеңесіне функционалдық есеп берушілік және Биржа Басқармасына әкімшілік бағыну анықталды. Қолданыстағы есеп берушілік шеңберінде Биржаның басқару органдары корпоративтік басқару тиімділігінің деңгейі, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері туралы сенімді және өзекті ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

ІАҚ қызметі Ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздеріне, оның ішінде ІАҚ Миссиясына сәйкес келеді, ол тәуекелге бағдарланған көзқарас негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу, ұсынымдар беру және білім алмасу арқылы ұйымның құнын сақтау және арттыру болып табылады.

Орнықты даму саласындағы ақпаратты ашу бойынша ХҚЕС (IFRS) стандарттарының күшіне - ХҚЕС S1 "Орнықты дамуға байланысты қаржылық ақпаратты ашуға қойылатын жалпы талаптар" (IFRS S1. General Requirements for Disclosure of Sustainability-related Financial Information) және ХҚЕС S2 "Климатқа байланысты ақпаратты ашу" (IFRS S2).

Climate-related Disclosures) енуіне байланысты ІАҚ 2025 жылдың соңына дейін ESG мәселелерін бағалауды ескере отырып, ішкі аудит жүргізу әдіснамасын өзектендіру жоспарлануда.

Қолданыстағы әдіснама шеңберінде ІАҚ ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін тексереді және бағалайды, сондай-ақ деректемелер қорының тұтастығын бақылауды және оларды рұқсатсыз қол жеткізуден және/немесе пайдаланудан қорғауды қоса алғанда, ақпараттық

технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік жүйелерінің тиімділігін, іс-қимыл жоспарына сәйкес стандартты емес және төтенше жағдайлар жағдайында қабылданған шараларды ескере отырып, стандартты емес және төтенше жағдайлар туындаған жағдайда Биржаның қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және/немесе қызметін қалпына келтіруге бағытталған.

ІАҚ жетекшісі болып табылатын Аудит жөніндегі комитеттен кері байланыс алуды ішкі аудит құзыретіне жататын мәселелер бойынша Аудит жөніндегі комитеттің шешімдерін/ұсынымдарын талдауды қоса алғанда, Аудит жөніндегі комитетпен өзара іс-қимыл барысында ішкі аудит басшысы әртүрлі нысандарда жүзеге асырады.

2023 жылы Ішкі аудит қызметінің аудиторлық жоспары алдыңғы кезеңдерден қалған аяқталмаған тапсырмаларды ескере отырып, 100 %-дан астам орындалды. Аудиторлық және кеңес беру тапсырмаларын орындау нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметі ұсынымдар, оның ішінде ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың қолданыстағы жүйелерін, қызметті жүргізу процестерін, қағидаттары мен әдістерін жақсарту бойынша ұсыныстар берді. Берілген ұсынымдарды орындау мониторингінің нәтижелері және аудиторлық жоспардың орындалуы туралы ақпарат Ішкі аудит жөніндегі комитетке және Биржаның Директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы негізде ұсынылды.



КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУ

Сыртқы ортаның жылдам өзгеруі, жаһандық сілкіністер, санкциялық қарсылықтар және неғұрлым қатаң реттеу талаптары жағдайында Биржа Қазақстанның қаржы нарығының басқа қатысушылары сияқты басқару ерекше көзқарас пен назар аударуды талап ететін комплаенс тәуекелдерге, сондай-ақ комплаенс бақылаудың пәрменді жүйесінің болуына тап болады. Осы мақсаттар үшін Биржада Директорлар кеңесіне есеп беретін Комплаенс-қызмет (бұдан әрі – Қызмет) ұйымдастырылған және жұмыс істейді, ол Биржа қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттардың талаптарына, сондай-ақ қолданылатын шетелдік құқық нормаларына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Биржада Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес комплаенс саласындағы халықаралық практика мен стандарттарды ескере отырып Комплаенс-тәуекелдерді басқару саясаты, Корпоративтік әдеп кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар, Мүдделер қақтығысын басқару саясаты, Инсайдерлік ақпаратты пайдалануды бақылау ережелері және басқа да ішкі құжаттар әзірленді және бекітілді.

Биржадағы комплаенс-тәуекелдерді басқару жүйесі үш қорғау желісінің моделіне негізделген, бұл ретте тәуекелдің осы түрін басқару процесіне қатысатын барлық жұмыскерлер мен бөлімшелердің функциялары мен өкілеттіктері нақты бөлінген.

Комплаенс-тәуекелдерді басқару мынадай кезеңдерді қамтиды:

1. комплаенс-тәуекелді анықтау (комплаенс-тәуекелді анықтау және сәйкестендіру);
2. комплаенс-тәуекелді талдау (анықталған комплаенс-тәуекелді өлшеу және бағалау);
3. тәуекелдерді азайту (себептерін жою және комплаенс-тәуекелді жоюға немесе азайтуға бағытталған іс-қимылдарды жасау);
4. комплаенс-тәуекелді бақылау және мониторингтеу;
5. ақпараттандыру және коммуникация.

Қызмет Биржаның қызметін реттейтін, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкестігін қамтамасыз ету, шет мемлекеттердің санкциялық шектеулерін және мәмілелер жасау кезінде ерекше жағдайларды сақтау, мүдделер қақтығысын барынша азайту, уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан қабылданған шараларды талдау және Биржаның клиенттерінің/контрагенттерінің шағымдарын (өтініштерін) қарау жөніндегі қызметіндегі комплаенс-тәуекелдердің үздіксіз мониторингін жүзеге асырады.

Комплаенс-тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмыс шеңберінде Қызмет:

1. Биржаның ішкі құжаттарының жобаларын, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын, сондай-ақ Биржа қызметінің лицензияланатын түрлерін реттейтін заңнаманы сақтауға байланысты өзгертулер мен толықтыруларды комплаенс-сараптау мен келісуді;
2. бизнес-процестерді, енгізілетін өнімдерді, көрсетілетін қызметтерді және оларды өткізудің жоспарланған әдістерін комплаенс-тәуекелдердің болуы тұрғысынан, оның ішінде дербес деректерді жария ету тәуекелімен байланысты талдауды жүргізеді.

2023 жылы Қызмет бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға және санкциялық комплаенсті жетілдіруге бағытталған шараларды қоса алғанда, Биржаның негізгі қызметі бойынша комплаенс-тәуекелдерді уақтылы анықтауға, бағалауға және бақылауға бағытталған іс-шараларды іске асырды.

2023 жылға арналған Тексеру жоспарына сәйкес Қызмет контрагенттермен өзара қарым-қатынас кезінде санкциялық талаптар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды сақтау процесінің тексерудің жоспарлы комплаенстерін жүзеге асырды, олардың нәтижелері бойынша тексерілетін процестерге тән кемшіліктер мен ықтимал комплаенстік тәуекелдер анықталды. Жауапты бөлімшелер комплаенс-тәуекелдерді төмендету және оларды тиімді басқару үшін іс-шаралар жоспарын әзірледі.

2023 жыл ішінде Биржа жұмысының сыртқы жағдайлары Ресей Федерациясының субъектілеріне қарсы батыс елдері тарапынан санкциялық шектеулердің айтарлықтай кеңеюіне байланысты жаңа сын-қатерлердің пайда болуымен сипатталды. Санкциялық тәуекелдерді азайту үшін Биржада бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды, олардың шеңберінде санкциялық мониторинг және енгізілген санкциялардың Биржаның қызметіне әсеріне талдау жүргізілді, ішкі бақылау шаралары күшейтілді және Биржа мүшелеріне және листингтік компанияларға қойылатын талаптар өзгерді. Қызмет халықаралық санкциялық тәртіптемелердің даму үрдістерін талдап, Биржаның барлық жауапты бөлімшелері мен жұмыскерлерінің назарына жеткізді.

2023 жылы Қызмет жұмыскерлері Еуропалық Одақтың, Ұлыбритания мен АҚШ-тың санкциялық тәртіптемелерін түсіндіру мақсатында Қазақстанның қаржы ұйымдары үшін ұйымдастырылған Еуропалық Одақтың, ЕҚЫҰ мен АҚШ елшілігінің оқыту семинарларына/тренингтеріне қатысты.

Биржа жұмыскерлерінің комплаенс-мәдениетін ілгерілету және арттыру үшін Қызмет мынадай мәселелер бойынша 4 оқыту өткізді:

- комплаенс-тәуекелдерді және комплаенс-мәдениетті басқару;
- мүдделер қақтығысын басқару;
- активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну жөніндегі талаптарды қоса алғанда, Биржада қабылданатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар мен шектеулер.



АДАМ КАПИТАЛЫ

08



2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша:

1. Биржа қызметкерлерінің саны – 207 адам
2. Биржа қызметкерлерінің санындағы әйелдердің үлесі – 54,1 %
3. Биржа кадрларының тұрақтамауы – 27 %
4. Биржа қызметкерлерінің орташа жасы – 38 жас



ЖАУАПТЫ ЕҢБЕК ПРАКТИКАСЫ

Биржаның қызметі адам құқықтары саласындағы қолданылатын заңнамаға сәйкес келеді. Биржа БҰҰ-ның адам құқықтары аспектісінде Кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттарында баяндалған адам құқықтарын қорғау және сақтау қағидаттарына сәйкес келуге ұмтылады.

Биржа әртүрлілік пен тең мүмкіндіктер құндылықтарын ілгерілетуге ұмтылады, оның ішінде гендерлік теңдік пен инклюзия жөніндегі бағдарламаларды ілгерілетеді, мүмкіндіктер беруге және мүмкіндіктері шектеулі пайдаланушылар үшін Биржаның өнімдері мен қызметтерін белсенді пайдалануға тартуға ұмтылады, Биржа қызметкерлері арасында және бизнес-ортада гендерлік теңгерімді қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Биржа өз жұмыскерлерімен еңбек қатынастарын мынадай қағидаттарда құрады:

1. қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау құқығын қоса алғанда, жұмыскердің заңды еңбек құқықтарын сақтау;
2. жұмысқа қабылдау, еңбекақы төлеу, оқуға қол жеткізу, лауазымын көтеру кезінде тең мүмкіндіктер беру және жынысы, нәсілі, тілі, діни, саяси және басқа да нанымдары, азаматтығы, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, шектеулі мүмкіндіктері сияқты негіздер бойынша жұмыстан босатуға және кемсітуге жол бермеу;
3. еңбекке әділ ақы төлеу және персоналды тиімді ынталандыру, персоналды іріктеу, жалдау, ротациялау және ілгерілету кезіндегі объективтілік, жұмыскерлерді дамыту және біліктілігін арттыру үшін тең жағдайлар жасау;
4. шағымдар мен ұсыныстар берудің тиімді тетіктерінің, қазіргі заманғы технологияларды және ақпаратты басқару жүйелерін қолдана отырып, персоналды оқыту және дамыту жүйесінің болуы.

KASE ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

ИННОВАЦИЯЛЫЛЫҚ, ОРНЫҚТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БЕЙІМДЕЛУ

Біз өзгерістерге үнемі бейімделе отырып, жалпы игілік үшін инновациялылық пен орнықтылық қағидаттарында жұмыс істейміз.

БІЗ:

- біздің өнімдер мен қызметтерді әзірлеу, ілгерілету немесе түрлендіру кезінде клиенттің көзқарасы тұрғысынан өз әрекеттеріміз туралы ойлаймыз;
- процестерді жақсарту, өсуді қамтамасыз ету және біздің клиенттер үшін құндылықты арттыру үшін тұрақтылыққа назар аударамыз;
- дәстүрлі көзқарастарға сыни қарайтын және инновацияларды ынталандыратын идеялар үшін ашықпыз;
- әрбір жұмыскерді кәсіби орнықты дамытуға бағытталғанбыз;
- біз жұмыс істеп жатқан өңірлерді өзіміздің күнделікті қызметімізде, сондай-ақ қайырымдылық пен әлеуметтік бағдарламалар аясында қолдаймыз.

ЖАУАПКЕРШІЛІК, КӘСІБИЛІК ЖӘНЕ САПА

Біз командамыздың кәсібилігі мен қызметтердің жоғары сапасын растай отырып, өз шешімдеріміз үшін жауап береміз.

БІЗ:

- үнемі бастамашылық көрсетіп және бір-бірімізге көмектесе отырып, өз жұмысымыздың нәтижесі үшін ғана емес, бүкіл команданың нәтижелері үшін де жауапкершілікте боламыз;
- заманнан қалыспай кәсіби дағдыларымызды ұдайы жетілдіреміз;
- әрдайым барлық ұйымды алға итермелейтін керемет жұмысты орындауға тырысамыз;
- біз үлкен тәжірибеге ие болып, жұмыскерлеріміздің білімі мен дағдыларын үнемі жетілдіріп отырамыз.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ, АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ АЙҚЫНДЫҚ

Біз серіктестерімізбен, клиенттерімізбен және бір-бірімізбен ашықтық пен айқындық қағидаттарында ынтымақтасамыз.

БІЗ:

- қоғамымыздың игілігі үшін бірге жұмыс істейміз;
- адамдар арасындағы айырмашылықтарды түсінеміз және қабылдаймыз және барлығына тілектестік ортасын жасаймыз;
- Биржаның ережелері мен саясатын сақтаймыз, әріптестерімізге оларды сақтауына жәрдемдесеміз және бізге белгілі болатын бұзушылықтар туралы мәлімдейміз;
- өз шешімдерімізде бейтараптылыққа ұмтыламыз – біз мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін және сол арқылы өз пайдасы немесе басқа тұлғалардың пайдасы үшін өз жағдайын теріс пайдалануға әкеп соқтыратын Биржадан тыс міндеттемелерді өзімізге қабылдамаймыз;
- жаңа идеяларға, жаңа тұлғаларға және жаңа жұмыскерлерге ашықпыз

БОЛАШАҚҚА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ДАМУ

Біз еліміздің, клиенттер мен жұмыскерлердің болашағына қамқорлық жасап, олардың дамуына жағдай жасаймыз.

БІЗ:

- шешім қабылдау процесінде клиенттердің мүдделеріне бірінші кезекте назар аударамыз;
- бір-бірімізге, Биржаның клиенттеріне, мүшелері және контрагенттеріне үнемі құрметпен қараймыз;
- ұйымның барлық деңгейіндегі жұмыскерлерімізге қамқорлық жасаймыз, сондай-ақ клиенттерімізге қамқорлық жасаймыз;
- өзіміздің беделімізді қорғаймыз, әрқайсымыздың әрекетімізге әсер етуі мүмкін ықпалды түсінеміз;
- өзіміздің қауіпсіздігіміз бен денсаулығымызға, сондай-ақ біздің әрекеттеріміз әсер етуі мүмкін басқа адамдардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қамқорлық жасаймыз.

Биржа өз қызметкерлеріне жайлы және құрметті жұмыс ортасын қалыптастырады. Биржа балалар еңбегін пайдаланбайды, мәжбүрлі еңбекті қолданбайды.

Еңбектің қауіпсіз жағдайларын жасау және еңбекті қорғауға байланысты тәуекелдерге жол бермеу, жұмыскерлердің қауіпсіз еңбекке құқығын сақтау мақсатында Биржа осы саладағы жұмыскерлерді оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды қоса алғанда, сондай-ақ сапалы жабдықтар мен техниканы сатып ала отырып, жұмыс орындарында жұмыскерлердің еңбегін дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолданады.



КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП

Биржа адам құқықтары мен жеке басының қадір-қасиетін сақтау, жұмыскерлер үшін тең мүмкіндіктер жасау қағидаттарында өз жұмыскерлерімен өзара қарым-қатынас жасайды, өз қызметкерлерін бағалайды және оларға сеніммен, құрметпен қарайды. Биржа жұмыскерлермен ұзақ мерзімді қатынастарды қалыптастыруға мүдделі және өзін-өзі білуге және кәсіби дамытуға ұмтылатын жұмыскерлерді көтермелейді, оқыту және кәсіптік даму бағдарламаларына сәйкес барлық деңгейдегі жұмыскерлердің біліктілігін арттыру үшін тең және оңтайлы жағдайлар жасайды.

Корпоративтік әдеп кодексі олардың негізінде Биржа ішіндегі өзара қатынастар әдебі, сондай-ақ Биржаның мүшелерімен, клиенттерімен және басқа да мүдделі тұлғалармен өзара қарым-қатынастары анықталатын Биржаның корпоративтік құндылықтарын декларациялайды.

Әрбір жұмыскер Корпоративтік әдеп кодексінде көзделген қағидаттарды адал сақтауға, сондай-ақ оларды бұзғаны немесе сақтамағаны үшін өзінің дербес жауапкершілігін сезінуге міндетті. Жұмыскерлердің Кодекстің жекелеген қағидаларын бұзуы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында көзделген тәртіптік немесе өзге де жауапкершілікке әкеп соғады.

Корпоративтік әдеп кодексі жыныстық, нәсілдік, саяси, діни және басқа да осыған ұқсас себептер бойынша кемсітушілік көріністерін болдырмай, адам құқықтары мен жеке адамның қадір-қасиетін сақтау, жұмыскерлер үшін тең мүмкіндіктер жасау және кадрларды әділ ілгерілету аспектілерін қамтиды. Кодекс сондай-ақ туындаған қақтығыстарды реттеу жөніндегі қағидаларды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт нормаларын сақтауды, тәуекел-мәдениет деңгейін арттыруды, қолданыстағы және әлеуетті мүдделер қақтығыстарын басқару қағидаттарын сақтауды қамтиды.

Корпоративтік әдеп кодексінің мақсаттары:

1. стратегиялық маңызды шешімдерді қабылдау кезінде де, күнделікті жағдайларда да өз міндеттерін орындау кезінде Биржаның барлық жұмыскерлері басшылыққа алатын іскерлік әдеп пен мінез-құлық негізгі құндылықтарын, қағидаттарын, ережелерін және нормаларын бекіту;
2. Биржа қызметінің стандарттарын және оның жұмыскерлерінің жоғары этикалық стандарттарды, Биржа мүшелері мен клиенттеріне қызмет көрсету сапасын қолдауға, Биржаның имиджін арттыруға, оның іскерлік беделін нығайтуға бағытталған мінез-құлқын анықтау және соның нәтижесінде тұтастай алғанда Биржаның пайдалылығын, қаржылық тұрақтылығын және тиімділігін өсіру;
3. жоғары этикалық стандарттарға негізделген бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту, ұжымда сенім, өзара құрмет және әдептілік ахуалын қолдау;
4. іскерлік қоғамдастық тарапынан Биржаға сенімді арттыру және сақтау, бағалы қағаздар нарығының ашық және кәсіби қатысушысының беделін нығайту болып табылады.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Биржа жұмыскерлерінің штат саны 2023 жылдың соңында 235 бірлікті құрады, нақты саны – 207 жұмыскер. Жұмыскерлер санының жынысы бойынша арақатынасы: әйелдер үлесі 54,1 %, ерлер – 45,9 % құрады. Жас бөлінісінде персоналдың құрылымы мынадай: 30 жастан кіші жастардың үлесі – 24 %-ды, 30-дан 39 жасқа дейін – 36 %-ды, 40-тан 49 жасқа дейін – 29 %-ды, 50 жастан асқандардың үлесі – 11 %-ды құрайды. Биржадағы жұмыскерлердің орташа жасы 2023 жылы 38 жасты құрады.

Ақылы қызмет көрсету келісімшарттары бойынша Биржа 2023 жылы синхронды аудару, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және сүйемелдеу, графикалық дизайн қызметтеріне, колл-орталықта жұмыс істеу және бизнес-процестерді автоматтандыру, жаңа бэк-офистік жүйені әзірлеу және енгізу бойынша 35 штаттан тыс жұмыскерді тартты.

2023 жылы 80 жаңа жұмыскер қабылданды. 63 жұмыскермен еңбек қатынастары тоқтатылды. 2023 жылы персоналдың тұрақтамауы 27 %-ды құрады, оның ішінде:

- 43 % - ерлер арасында;
- 57 % - әйелдер арасында.

КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ

Персоналды басқару саясатының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі KASE корпоративтік мәдениетін қалыптастыру және дамыту болып табылады, ол тиімді жұмыс үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруға, ұжымның командалық рухын қолдауға және жұмыскерлердің KASE-нің қойылған мақсаттар мен міндеттеріне бейілділігіне ықпал ететін негіз қалаушы құндылықтар мен стандарттар жүйесін білдіреді.

Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру мақсатында Биржада әртүрлі корпоративтік іс-шаралар өткізіледі және мынадай құралдар қолданылады:

- табысты растау – грамоталар мен алғыс хаттар;
- ұжымды біріктіру және корпоративтік құндылықтарды дамыту;
- уәждеме – ұжымда қолайлы жұмыс көңіл-күйін қалыптастыру;
- жұмыскерлердің қанағаттанушылығы мен хабардарлығын арттыру.

Ішкі коммуникациялар бойынша басты фокустардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- Жұмыскерлерді уақтылы және толық хабардар ету (тұрақты негізде Townhalls арқылы хабарлау, хабарламаларды электрондық пошта, әлеуметтік желілер және т.б. арқылы тарату жүзеге асырылады).
- Жұмыскерлер арасындағы коммуникативтік және команда құраушы байланыстарды дамыту (тимбилдинг өткізу, қонақтық дәрістер өткізу, жаңадан қабылданған жұмыскерлермен кездесу, құндылықтарды тасымалдаушыларды таңдау және Биржаның корпоративтік мерекелері).



УӘЖДЕМЕ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

Жұмыскерлердің қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында Биржа жыл сайын Биржа жұмыскерлеріне жасырын онлайн сауалнама жүргізеді. Қанағаттанушылықты бағалау нәтижелері жұмыскерлердің уәждеме деңгейін, ұжымдағы ахуалды және адалдық деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. 2023 жылы аталған зерттеуге жұмыскерлердің 76,4 % (2022: 57,3 %) қатысты. Зерттеу нәтижелері бойынша негізгі даму аймақтары анықталып, 2024 жылға жұмыскерлердің қанағаттанушылығын арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

Биржа жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу келісімшарттары жұмыскерлерді жұмысты неғұрлым тиімді жүзеге асыруға ынталандыратындай етіп белгіленеді. Жүйе тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлдікті жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе физикалық кемшіліктеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына немесе кез келген өзге де мән-жайларға байланысты еңбекақы төлеуде кемсітушілікті болдырмайды.

Биржа жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру жүйесі бәсекелестік, сондай-ақ жоғары білікті мамандарды тарту үшін ашық, түсінікті және тиімді болып табылады.

2023 жылдың бірінші тоқсанында Биржа әрбір лауазым бойынша грейдирлеу жүйесіне ауыса отырып, сыйақы жүйесін қайта қарады.

Сыйақы жүйесін қайта қарау кезінде Биржада еңбек нарығының ағымдағы жай-күйі, оның ішінде IT-мамандықтарға сұраныстың жоғары деңгейі және олардың құзыреттерін бағалау ерекшеліктері ескерілді.

2023 жылдың наурызынан бастап Биржа қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу:

- грейд бойынша жалақыны;
- дербес үстемеақыларды;
- әлеуметтік төлемдерді;
- қосымша ақы төлеуді – жұмыскерлердің еңбек тиімділігін қосымша ынталандыруға арналған сыйақы болып табылатын сыйлықақыларды қамтиды.

Сондай-ақ қызметкерлердің материалдық емес уәждемесі қолданылады.

2023 жылы Биржаның дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Биржаның ерекше маңызды жұмыстары мен жобалары үшін Биржа жұмыскерлері марапатталды:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының алғысымен Биржаның 1 жұмыскері марапатталды;
- Қазақстан ұлттық валютасының 30 жылдығына орай Биржаның 14 жұмыскері "Еңбегі үшін" медалімен марапатталды;
- Биржаның 20 жұмыскері "Теңгеге 30 жыл" мерекелік медалімен марапатталды;
- 83 жұмыскер корпоративтік наградалармен марапатталды;
- KASE-нің – "KASE биржалық нарықтарында өтімділікті арттыру", "Негізгі инфрақұрылымдық элемент ретінде ОК дамыту", "Инновацияларды енгізу және технологиялық жаңғырту", "Стейкхолдерлер үшін құндылықтарды арттыру" жобаларын іске асырғаны үшін алғыс грамоталармен 90-нан астам жұмыскер марапатталды.

Биржа өз жұмыскерлеріне келесі негіздер бойынша материалдық көмек көрсетеді:

1. Биржа жұмыскерінің некеге тұруына байланысты;
2. Биржа жұмыскерінде баланың (балалардың) тууына байланысты;
3. Биржа жұмыскерінің жұбайының/зайыбының немесе жақын туысының жерлеуіне байланысты;
4. Биржа жұмыскерінің ауыр сырқатына байланысты;
5. Биржа жұмыскерінің мерейтойлық туған күніне байланысты;
6. Биржа жұмыскерінің зейнеткерлікке шығуына байланысты;
7. Биржа жұмыскерінің жеке мүлкінің ұрлануына немесе жоғалуына байланысты не Биржаның жұмыскеріне еңсерілмейтін күш жағдайлары (оның ішінде өрт және дүлей зілзалалар) салдарынан келтірілген залалға байланысты;
8. жеке сипаттағы өзге де дәлелді негіздер бойынша.

Әлеуметтік топтама шеңберінде Биржа өз жұмыскерлеріне ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасын, жұмыс берушінің есебінен біліктілікті арттыру мен оқытуды, балаларға арналған мерекелік сыйлықтарды және корпоративтік іс-шараларды ұсынады.

ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Оқыту және біліктілікті арттыру KASE Персоналды басқару саясатының бір бөлігі болып табылады. Биржа жұмыскерлердің жаңа білім алуға және бар білімдерін дамытуға, оның ішінде ішкі және сыртқы оқыту жолымен ұмтылысын көтермелейді.

Биржа жұмыскерлерін оқыту Биржаның негізгі қызмет бағыттарына және жобалық қызметті қоса алғанда, жұмыскерлердің лауазымдық міндеттеріне сәйкес оқытудың, оның ішінде қашықтан және онлайн оқытудың барлық ықтимал форматтарын пайдалана отырып жүзеге асырылады. Биржаның стратегиялық жобаларын іске асыру үшін қажетті қаржы секторындағы кәсіби дағдыларды, корпоративтік құзыреттер мен жобалық басқару дағдыларын және IT саласындағы дағдыларды дамыту мәселелеріне баса назар аударылады.

Биржа қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді және жұмыскерлердің Биржаның қаражаты есебінен міндетті оқудан өтуіне ақы төлейді.

Биржада оқыту:

1. оқыту түрлері бойынша – сыртқы және ішкі;
2. оқу форматтары бойынша – күндізгі, қашықтан (оның ішінде онлайн) және аралас (күндізгі және қашықтан оқыту элементтерін қамтитын);
3. қатысу нысаны бойынша – жеке және корпоративтік болып бөлінеді.

Биржа жұмыскерлерін сыртқы оқыту мынадай бағдарламалар бойынша жүргізіледі:

4. кәсіби даярлық;
5. біліктілігін арттыру;
6. жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім;
7. кәсіби сертификаттау (кәсіптік сертификаттау бағдарламалары бойынша емтихандардан өтуге дайындық бағдарламаларын қоса алғанда);
8. корпоративтік оқыту;
9. тілдік курстар.

Есептік жылы Биржаның 60-тан астам жұмыскері корпоративтік қаржы, қаржылық модельдеу, қаржылық талдау, IT бағыт (Java, Oracle, Linux), бухгалтерлік курстар (1С ЖПБ), халықаралық салық салу, кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және басқа да бірқатар курстар бағыттары бойынша курстарда оқудан өтті. Биржа қызметкерлері үшін ағылшын және қазақ тілі бойынша тілдік курстар ұйымдастырылып, 50-ден астам адам оқытылды.





КОНТАКТЫ И РЕКВИЗИТЫ

Акционерное общество “Казахстанская фондовая биржа”
БИН 931 240 000 220

Адрес: А15G7M6, г. Алматы, ул. Байзакова, 280,
северная башня МФК “Almaty Towers”, 8-й этаж

Тел.: (727) 237 53 00

www.kase.kz